



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен
отырысының қаулысы

Астана қ.

2024 жылғы 20 желтоқсан

Астана қаласында халықтың
әлеуметтік осал топтарын
тұрғын үймен қамтамасыз ету

Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары «Астана қаласында халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету» бағдарламасын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпаратты тыңдап, талқылай отырып, мыналарды атап өтеді.

Қазіргі уақытта тұрғын үйге мұқтаждардың есебінде коммуналдық тұрғын үй қорынан 38 мыңнан астам адам тұрады. Жыл сайынғы кезектілік өсімі 4 мыңға жуық азаматты құрайды.

Кезекте тұрғандар санының артуының маңызды факторларының бірі табиғи өсім есебінен де, көші-қон есебінен де елорда халқының өсуі болып табылады. Орташа күту мерзімі 10-12 жылға жетті.

2024 жылы халықтың әлеуметтік осал топтары үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы шеңберінде 968 пәтер, кредиттік тұрғын үй шеңберінде 294 пәтер берілді. Ағымдағы жылдың соңына дейін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы аясында тағы 835 пәтер берілетін болады.

Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел ден қою орталығы» ШЖҚ МКК ұсынған ақпаратқа сәйкес өтініштердің басым бөлігі халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тұрғын үй бағдарламаларының шарттарын түсіндіру туралы сұрау салулармен келіп түседі.

Қоғамдық тыңдауларға дайындық аясында депутаттар әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға берілген пәтерлер бар көппәтерлі тұрғын үй кешендеріне барды. Тұрғын үйлердің аумағында инфрақұрылым жоқ немесе нашар дамыған, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған үйлер жабдықталмағаны анықталды.

Атқарушы мемлекеттік органдар бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы ақпаратты, статистикалық деректерді толық көлемде

көрсетпейді, осылайша халықтың ақпаратқа қолжетімділігі бұзылады. Бірнеше жылдар бойы қоғам қайраткерлері ұзақ құрылыс және мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүруі үшін жағдайдың болмауы мәселелерін көтеріп келеді.

Астана қаласы мәслихатының отырыстарында жергілікті атқарушы органның ведомстволық бағынысты ұйымдарының тұрғын үй объектілерін салуға жұмсаған шығындары елордадағы жылжымайтын мүліктің орташа нарықтық құнынан асып түседі деген мәселе бірнеше рет көтерілді. Осыған байланысты дербес құрылыс тәжірибесін алып тастай отырып, құрылыс компанияларынан дайын тұрғын үй сатып алуға көшудің орындылығы мәселесін зерделеу қажет.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Астана қаласында халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

тұрғын үй алуға кезекте тұрған адамдарды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін «Астана қаласының құрылыс басқармасы» ММ объектілерін елорданың коммуналдық меншігіне уақтылы тапсыруды қамтамасыз ету;

дербес құрылыс тәжірибесін алып тастай отырып, құрылыс компанияларынан дайын тұрғын үй сатып алуға көшудің орындылығы мәселесін зерделеу;

көлікке қолжетімділікті жақсарту үшін әлеуметтік тұрғын үй объектілеріне тікелей жақын жерде көлік айырықтарын және аялдама павильондарын салуды және жайластыруды көздеу;

қадамдық қолжетімділік радиусында супермаркеттерді, дәріханаларды және басқа да қажетті объектілерді, сондай-ақ әлеуметтік мекемелерді (мектептер, балабақшалар, медициналық пункттер) ашу жөнінде шаралар қабылдау;

әлеуметтік тұрғын үйді жобалау сатысында тұрғын үйлерді пандустармен, мүгедектер арбасына арналған лифттермен, сондай-ақ кедергісіз ортаның басқа да элементтерімен жарақтандыруды көздеу;

кедергісіз орта талаптарына сәйкес келмейтін пайдалануға берілген әлеуметтік тұрғын үй объектілері туралы соңғы бес жылдағы талдамалық деректерді ұсыну;

тұрғындардың қозғалысы шектеулі топтары үшін салынып жатқан ғимараттар мен құрылыстардың қолжетімділігі талаптарының сақталуын бақылау тетігін жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

кепілдік міндеттемелер шеңберінде тұрғын үйлер салу кезінде сапасыз орындалған жұмыстарды жоюды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау;

құрылыс құны, құрылысты аяқтау үшін талап етілетін бюджет қаражаты, ағымдағы және өткен жылдарға салынған қаражат туралы

мәліметтерді көрсете отырып, барлық салынып жатқан тұрғын үй кешендері бойынша егжей-тегжейлі кесте ұсыну;


халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған тұрғын үй бағдарламаларын егжей-тегжейлі сипаттай отырып, қолжетімді және түсінікті ақпараттық материалдарды (брошюралар, әлеуметтік роликтер) әзірлеу және тарату;

«Астана қаласы халқының әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуді талдау» тақырыбындағы сараптамалық-талдамалық есепке жауап беру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының
құрылыс, экология, көлік және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық мәселелері**



В. Сергеев

**Астана қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп
және кәсіпкерлік мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы**



К. Адамбек

**Астана қаласы мәслихатының
зандылық, құқық тәртібі
және жұртшылықпен жұмыс мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы**



А. Айтқожин

**Астана қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы**



А. Смағұлов